

П.Б.Мұсырманқұл^{1,2}, М.К. Лачкова²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан, e-mail: perdekhan.musyrmankul@gmail.com

²Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің ғылыми қызметкері,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан, e-mail: lachkova.marina@mail.ru

ҚОЛА ДӘУІРІНДЕГІ ӨРТЕП ЖЕРЛЕУ ДӘСТҮРІ МИГРАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІҢ КӨРСЕТКІШІ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Қола дәуірінде Еуразия аумағында ғаламдық миграциялық үдерістер орын алды, бұл қарастырылып отырған аймақтың тарихи процестеріне айтарлықтай әсер етті. Жерлеу рәсімдері, атап айтқанда кремация көші-қон процестері туралы куәландыратын элементтердің бірі ретінде қарастырылуы керек. Кремация ерте қола дәуірінен бастап Еуразияның кең аумағында және оған іргелес аймақтарда кең таралған. Этнографиялық зерттеулер көрсеткендей, отты қолдануға байланысты рәсімдер Оңтүстік және Орталық Азия, Еуропа, Сібір және т.б. халықтар арасында ұқсас келеді. Бұл ұқсастық өрттің рәсімдік әрекеттері ежелгі дәуірден бастау алып, Еуразия континентіне қоныс аударған қола дәуірінің тайпаларымен бірге терең енетіндігін көрсетеді.

Түйін сөздер: миграция, кремация, қола дәуірі, жерлеу дәстүрі, Еуразия, өртеп жерлеу дәстүрі

Mussyrmankul P. ^{1,2}, Lachkova M ²

*¹doctoral candidate in L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Kazakhstan, Nur-Sultan. e-mail: perdekhan.musyrmankul@gmail.com*

*²science researcher of the National Museum of the Republic of Kazakhstan,
Kazakhstan, Nur-Sultan. e-mail: lachkova.marina@mail.ru*

RITUAL BURNING IS ONE OF THE INDICATORS OF MIGRATION PROCESSES IN THE BRONZE AGE

Abstract

In the Bronze Age the global migration movement took place on the territory of Eurasia, which significantly influenced on the historical processes of the region under consideration. The funeral rites, especially cremation, should be considered as one of the elements, indicating the migration processes. The cremation has been widespread in immense areas of Eurasia and neighboring regions since the early Bronze Age. The ethnographic studies show that the rituals associated with the fire use are strikingly similar among the peoples of South and Central Asia, Europe, Siberia and etc. This similarity suggests that the fire ritual actions originate in ancient times and penetrate deep into the Eurasian continent along with migrating tribes of the Bronze Age.

Keywords: migration, cremation, Bronze Age, funeral rite, Eurasia, cremation ritual.

П.Б.Мұсырманқұл^{1,2}, М.К. Лачкова²

¹PhD докторант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева.

г. Нұр-Сұлтан, Казахстан, e-mail: perdekhan.musyrmankul@gmail.com

²Научный сотрудник Национального музея Республики Казахстан

г. Нұр-Сұлтан, Казахстан, e-mail: lachkova.marina@mail.ru

ОБРЯД СОЖЖЕНИЯ - ОДИН ИЗ ПОКАЗАТЕЛЕЙ МИГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ В ЭПОХУ БРОНЗЫ

Аннотация

В эпоху бронзы на территории Евразии происходило глобальное миграционное движение, которое в значительной мере повлияло на исторические процессы рассматриваемого региона. Погребальные обряды, в частности кремацию, следует рассматривать как один из элементов, свидетельствующих о миграционных процессах. Кремация была широко распространена на обширных территориях Евразии и сопредельных регионов, начиная с эпохи ранней бронзы. Как показывают этнографические исследования, ритуалы, связанные с использованием огня поразительно схожи у народов Южной и Центральной Азии, Европы, Сибири и др. Подобное сходство позволяет говорить о том, что огненные обрядовые действия берут свое начало в древности, и проникают вглубь евразийского континента вместе с мигрирующими племенами бронзового века.

Ключевые слова: миграция, кремация, эпоха бронзы, погребальный обряд, Евразия, обряд трупосожжения.

Қазіргі археология ғылымында көне дәуірлердегі миграциялық үдерістер мәселесі өзекті тақырыпқа айналып отыр. Осы тұрғыда андроновтанудың негізгі мәселелерінің бірі андронов мәдени-тарихи қауымдастығының генезисі болып табылады. Қазіргі уақытта қарама-қайшы келетін бұл тарихи-мәдени феноменнің шығу тегі туралы автохтондық және көші-қонның болуы туралы гипотезалар ашық талқылануда.

Өткен XX-шы ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап зерттеу материалдарының толыға түсті. Жерлеу ескерткіштерімен қатар қоныстардағы зерттеу жұмыстарының артуы нәтижесінде, жерлеу ескерткіштеріндегі алакөлдiк ыдыстардың феодоровтық ыдыстармен қатар кездесуі секiлдi жағдайлар мәселенi қайта қарастырып, екi этностың қатар өмiр сүруi туралы тұжырымдарға келе бастады.

Қазіргі уақытта федоров тайпаларының шыққан отанын анықтау мәселесі жаңа тұжырымдармен толығуда. Өткен ғасырдың соңынан бастап федоров мәдениетінің қыш ыдыстарындағы ерекшеліктерге және жерлеу ғұрпына азиялық ықпалдар бар деген тұжырымдар қалыптасып, ғылыми ортада кең талқыға түсе бастады. Бұл тұжырымдар бойынша, бойынша федоровтықтар Алдыңғы Азиядан көшіп Орта Азия арқылы Ертіс бойына келіп қоныс тепкен дейді [1, 212-217-б.].

Еуразияның қола дәуірі мәселесін зерттеуші ғалым Молодин көші-қонды келесі критерийлер бойынша топтастыруды ұсынады:

1. белгілі бір аймақтың пайда болу принципі бойынша жаңа аймақты дамытатын шағын топтардың келесі колонизациясы – Demic diffusion;

2. Шағын топтардың белгілі бір аймаққа баяу енуі, негізінен мамандар - белгілі бір мәдениеттерді тасымалдаушылар немесе Infiltration;

3. Жергілікті және жаңадан келгендердің сауда-айырбас байланыстары – Contacts;

4. Әрі қарай тұру үшін оңтайлы аймақтарды анықтау мақсатында аймақты шағын топтарды отарлау – Leapfrog Colonization [2, 60-61-б.].

Бұл көне дәуірдегі көшіп-қонудың негізгі әсер етуші факторлары ретінде көрсетіледі. Яғни, мәселенің табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағы деп қарастыруымызға болады.

Орталық Еуразияның көне дәуірлеріндегі тарихи-мәдени үдерістер мәселесін зерттеу келе Майкл Д. Фрачетти көші-қонның бағыттарын қалпына келтіру үшін теориялық негіздерін былайша көрсетеді:

1. адамдардың биологиялық ерекшеліктері;

2. тас құралдарының хронологиялық-географиялық таралуы ;

3. керамика;

4. металлургия;

5. тіл және этнос [3, 201-203-б.].

Жерлеу және ғұрыптық іс-әрекеттер түріндегі мәдени көріністер Еуразиядағы көші-қон жолдарын зерттеу үшін материал ретінде де қолданыла алады. Мұның жарқын мысалы ретінде мәйітті өртеп жерлеу рәсімін қарастыруымызға болады.

Өртеп жерлеу дәстүрі отқа табынумен тығыз байланысты. Дәстүрлі түрде от тазартқыш элемент ретінде әрекет етті; от әртүрлі салт-дәстүрлерде қолданылды. Өртеп жерлеу туралы айтатын болсақ, бұл әдет-ғұрыпты ғалымдар бірінші кезекте жанның денеден бөлінуін тездететін әрекет ретінде қарастырады [4, 65-б.]. Өртеу рәсімі жерлеу дәстүрі ретінде әр уақытта көптеген халықтар арасында кең таралған. Мәйітті өртеу сияқты жерлеу рәсімінің пайда болуы, ұзақ уақыт жалғасуы және кейіннен жойылуы фактісі бойынша белгілі бір аймақта болған қоғамның әлеуметтік және рухани қайта жаңғыруын тарихтың белгілі бір кезеңдерінде анық байқауға және қайта қалпына келтіруге тырысуға болады.

Жазбаша деректер ретінде өртеп жерлеу дәстүрі туралы алғашқы мәліметтер бізге үнділік «Ригведа » жазбаларында кездеседі. Бұл дерек негізінде мәйітті өртеу ғұрпы - марқұммен қарым-қатынас жасаудың ең кең тараған тәсілі, ол б.з.д. XVI ғасырда Үндістанда пайда болған. Ригведада жазылған, мәйітті өртеу дәстүрімен бірге жүретін ведалық от құдайы Агниге тікелей бағышталған:

1. Не сожги его, Агни, дотла, не спали!

Не испепели его кожу и тело!

Когда пригостишь (его), Джатаведас,

То отправь его к отцам!

2. Пригостишь когда его, Джатаведас,

То передай его отцам!

Когда отправится он в этот путь, уводящий от жизни,

То станет он подвластен богам [5, 16-б.].

Жерлеу кезіндегі от жағудың негізгі мақсаты марқұмның жанын күнәлардан тазарту және оны жоғарғы әлемдегі ата-бабалар рухымен біріктіру ретінде қызмет еткен. Мәйітті өртеу дәстүрі Үндістанда жерлеу рәсімінің ең кең таралған түрі болып табылады және балалар мен кедейлерді қоспағанда, қоғамның барлық дерлік мүшелері үшін қол-данылады, өйткені олардың жаны таза және олар барлық дүниелік мәселелерден арылған болып саналады [6, 191-б.].

От адам рухын қуатты тазартқыш элемент ретінде Үндістан аумағындағы көне тұрғындардың ғана дүниетанымында маңызды орын алмады. Сондай-ақ, от қола дәуірінде жерлеу дәстүрінің құрамдас бөлігі болған хет, грек, балтық және басқа да халықтардың дүниетанымдық дәстүрлерінде маңызды орын алды [7, 9-15-б.].

Отқа қатысты ғұрыптық рәсімдер кейінгі дейін Еуразия аймағының тұрғындарының дәстүрінде кездеседі. XVIII ғасырдың соңына дейін буряттар барлық марқұмдарды жынысына және жасына қарамай өртеген. Мәселен, XIX ғасырдың басынан бастап Байкал маңы аймағында буддизмнің белсенді таралуы мен дамуымен қатар, тек

буддалық діни қызметкерлерді немесе олардың туыстары арасында ең құрметке ие болған адамдарды өрттеу дәстүрі болған [1, 162-б.].

Өрттеу дәстүрі отқа табынумен тығыз байланысты болғандықтан, отты қорғайтын және тазартатын функцияларға деген сенім жерлеу рәсімінің өзінде ғана емес, сонымен қатар қауымның жаңа мүшесінің дүниеге келуіне, отбасын құруға, зұлым көздерден, аурулардан қорғануға және т.б. байланысты әр түрлі рәсімдер түрінде көрініс тапты. Отқа деген ерекше қатынасты фольклордан, діни мәтіндерден, әртүрлі елдердің мәдениетінде бүгінгі күнге дейін өте жиі сақталған халықтық наным-сенімдерден байқауға болады.

Мысалы, үйлену кезінде қалыңдықты отпен тазартудың кең таралған дәстүрлер Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түркіменстан және Қазақстан тұрғындарының дәстүрлерінде кездеседі. Ғұрыптық рәсімдерді орындау әр аймақта әр түрлі болады: қалыңдық күйеудің үйінің алдында орналасқан отпен жүруі немесе оттың айналасында үш рет айналып өтуі керек [9, 24-б.].

Алайда, рәсімнің орындалуындағы әр түрлі өзгерістерге қарамастан, оның мақсаты әрқашан өзгеріссіз қалады: от арқылы өту зұлым көзден, зұлым рухтардың, кесірдің әсерінен қорғанумен түсіндірілді. Қалыңдықты отпен тазартудың осындай рәсімі жоғарыда айтылған ежелгі үнділік қасиетті мәтін «Ригведа» -да кездеседі:

На украшенную киншуккой, (сделанную из) шалмали,
с разными формами,
Цвета золота, легкоходную (колесницу) с прекрасными колесами
Взойди, о Сурья - в мир бессмертия!
Сделай свадебную поездку привлекательной для супруга! [5, 222-б.].

Жалпы алғанда, Орталық Азия аймағында бүгінгі таңда ислам діні кең таралып, бұл елдерде ресми мемлекеттік дін болғандықтан, мұндай отқа қатысты рәсімдерді ерте кезеңдерде өткен құбылыстар ретінде қарастырған жөн. Тиісінше, отты салттық қолдануға байланысты мұндай рәсімдік әрекеттерді терең талдау және егжей-тегжейлі зерттеу исламның пайда болуы мен нығаюына дейінгі кезеңдердегі көші-қонды зерттеу кезінде көмекші эмпирикалық материал ретінде де қолданыла алады.

Кремация Еуразия кеңістігінде марқұммен қарым-қатынас тәсілі ретінде Андронов мәдениетінің Федоров тайпаларына тән. Алайда, отты салттық негізде қолдану іздері Андронов мәдени-тарихи қауымдастығының басқа тайпаларында да байқалды. Өртеу дәстүрі Алакөл, Алексеев-Сарғара мәдениетінің қорымдарында өтті. Кремация ингумациямен қатар жүреді. Жерлеу рәсімдері бір типті емес, кремацияланған денемен жұмыс істеудің бірнеше нұсқалары бар:

- өртенген мәйіт қалдықтары алдымен керамикалық немесе ағаш ыдысқа салынды;
- қалдықтар қабір шұңқырының түбімен біркелкі шашылып немесе тек шұңқырдың бір бөлігінде шоғырлануы мүмкін (әдетте қабір шұңқырының орталық немесе шығыс бөлігі);
- қалдықтары қабір шұңқырына антропоморфтық мүсіндер түрінде салынған [10, 374-377-б.].

Андрондық жерлеу дәстүріндегі ерекшелігі ретінде қарастыратын жәйт – өртке табыну дәстүрінің кездесуі. Өртеп жерлеу дәстүрі кең таралмаса да, оның негізгі атрибуттары сақталып, жерлеу орындарының ішіне жаңған күл қалдықтарын қоса жерлеу немесе мәйітті жерлегеннен кейін бетіне өртеу дәстүрлері алмастырған. Өлікті өртеу дәстүрі әрдайым қабір сыртында жасалып, өрттен қалған күл мен сүйек қалдықтары қабірге салынатын болған. Бұл дәстүр ішінара кездесуі адамның әлеуметтік мәртебесіне қарай жасалуы мүмкін және Шығыс Қазақстан аумағындағы қола дәуірі тайпалары ішіндегі сырттан келген дәстүр қалдығы болуы ықтимал.

Жоғарыда айтылғандай, Қазақстан территориясында қола дәуірінде жерлеу рәсімі ретінде кремация Андронов мәдениетінің Федоров тұрғындары арасында кең таралған. Өрттеу іздері бар ескерткіштер Солтүстік және Орталық Қазақстанда кеңінен ұсынылған, Оңтүстік Қазақстанда жерлеу рәсімдері бар жерлеу орындарының іздері де кездеседі.

Орталық Қазақстандағы отқа табынудың кремациясы немесе басқа іздері бар ең таңқаларлық ескерткіштердің ішінен Уйтас Айдос, Сангру-2, Ақсу-Аюлы 2, Икпен-1, Нұртағай, Шаңтимае, Ақшоқы, Бозінген, Ой-Жайлау 7, 3, Шайтан қорымдарын атауға болады; Солтүстік Қазақстанда - Бестамақ, Борлық-1, Лисаковский-1, Тоболь қорғаны; Оңтүстік Қазақстанда жерлеу рәсімдері Қожабала-1, Қызылбұлақ-1, Тамғалы-3, Түгіскен қорымдарынан табылды; Жетісу қола дәуірі қорымдарының ішінде Құлсай-1, Ұзынбұлақ-1, Таушілік-3, Бұқан-7, Асы-7, Қызылбұлақ-1 және Қызылбұлақ-2; Шығыс Қазақстанда - Сарыкөл, Қанай, Қара-Өзен қорымдарында кездеседі.

Әдетте, «кремация + ингумация» түрінен жасалған қорымдарда ересек ерлер мен әйелдердің сүйектері мен қабір заттары бар. Мысалы, Орталық Қазақстанда орналасқан Уйтас-Айдос қола дәуірінің қорымы, 1983-84 жж. 14 қоршау орны қазылған болатын. Қабір құрылысы, қабір заттары және «кремация + ингумация» түріне сәйкес жасалған жерлеу тәсілі жерлеу орны қола дәуіріндегі Федоров мәдениетіне жататындығын болжайды. Қабірде 11 жерлеу «кремация + ингумация» түріне сәйкес жасалған. Бұл жерде жерлеу рәсімінен басқа қарапайым ингумацияланған қабірлер де тіркелген. Алайда олардың барлығында 7 жасқа дейінгі балалардың сүйектері болған.

Жалпы, Қазақстан территориясындағы қола дәуірі қорымдарында кездесетін өртеу дәстүрі негізгі элементі ретінде қызмет атқарған деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Археологиялық зерттеулер барысында алынған материалдар бүкіл қола дәуірінде Қазақстан бойынша отқа табыну формаларының алуан түрлілігін көрсетеді. Дәстүр сабақтастығы да көне дәуірден үздіксіз жалғасып келе жатқан миграциялық үдерістермен тікелей астасып жатыр деп айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұсырманқұл П.Б., Үмітқалиев Ұ.Ұ. Шығыс Қазақстанның қола дәуіріндегі өртеп жерлеу дәстүрі: генезисі мен интерпретациясы // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. №1(92), 2019.
2. Молодин В.И. Основные типы миграций и их проявления в эпоху бронзы на юге центральной части Западно-Сибирской равнины (Обь-Иртышье) // Мобильность и миграция: концепции, методы, результаты: программа и тезисы докладов V Международного симпозиума «Мобильность и миграция: концепции, методы, результаты» (Денисова пещера (Алтай, Россия), 19–24 августа 2019 г.). – Новосибирск: Изд-во ИАЭТ СО РАН, 2019. – С.136.
3. [Michael D. Frachetti](#) Migration Concepts in Central Eurasian Archaeology // Annual Review of Anthropology, – 2011, Vol. 40, – pp. 195-213. 2012.
4. Коренюк С. Н., Мельничук А. Ф., Перескоков М. Л. Погребальный обряд поздней части Мокинского могильника в среднем Прикамье (по материалам раскопок 1994 г.) // Вестник Пермского университета. Серия история. Выпуск 1(15). – Пермь, - 2011. – С.65-80.
5. Ригведа. Избранные гимны, – Москва, 1972. – С.417.
6. Пандей Р.Б. Древнеиндийские домашние обряды (обычай). – Москва: Высшая школа, 1990. – С.319.
7. Худавердян А.Ю., Обосян С.Г. К вопросу о реконструкции обряда кремации у носителей эпохи поздней бронзы и раннего железного века Армении // Научные ведомости БелГУ. Серия История. Политология. № 1 (250). Выпуск 41. - Белгород, 2017. – С.9-15.
8. Суворова А.С. Способы погребения бурят.// Вестник Бурятского государственного университета. – Улан-Удэ, 2012. - Вып. 14. – С. 160-164.
9. Лобачева Н.П. Из истории верований и обрядов, огонь в свадебном комплексе хорезмских узбеков (по материалам середины XX в.) // Этнографическое обозрение. – Москва, 2001. №6. С. 21-32.
10. Сотникова С.В. Кремированные останки в андроновском (федоровском) погребальном ритуале // Проблемы археологии, этнографии, антропологии Сибири и сопредельных территорий. – Новосибирск, 2013. Том 13. - С. 374-377.
11. Усманова Э.Р. Уйтас-Айдос – могильник эпохи бронзы / Э. Р. Усманова, В. В. Варфоломеев. // Вопросы археологии Казахстана. - Алматы: Гылым, 1998. Вып. 2. С. 46–60.